

«БЕКІТІЛДІ»

Директорлар кеңесінің хаттамасымен
«Basel» сақтандыру компаниясы» АҚ
2025 ж. «25» қараша № 28/25 хаттама

ҚАҒИДАЛАР

КӘСІПТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІН САҚТАНДЫРУ
АДВОКАТТАР МЕН ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫНЫҢ
«Basel» сақтандыру компаниясы» АҚ

Алматы қ., 2025 ж.

МАЗМҰНЫ:

- 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
- 2 ШАРТТЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ МЕН НЫСАНЫ
- 3 САҚТАНДЫРУ НЫСАНЫ
- 4 САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ
- 5 САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ
- 6 САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ. ФРАНШИЗА
- 7 САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ
- 8 ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ
- 9 САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ
- 10 САҚТАНДЫРУШЫНЫ БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН
- 11 ФОРС-МАЖОР ЖАҒДАЙЛАРЫ
- 12 ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ
- 13 ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
- 14 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

- 1.1. Адвокаттар мен заң консультанттарының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «BASEL» СК» АҚ (бұдан әрі – Сақтандырушы) заңгерлік қызметтер көрсету нәтижесінде үшінші тұлғаларға келтірілген зиян үшін адвокаттар мен заң консультанттарының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шарттарын жасасу және орындау тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды белгілейді.
- 1.2. Қағидалардың шарттарында Сақтандырушы адвокаттар мен заң консультанттарының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасайды, олар бойынша Сақтанушы Сақтанушының (Сақтандырылушының) адвокаттық немесе заңгерлік қызметті жүзеге асыру нәтижесінде Сақтандыру шартына сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғаларға келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеу жөніндегі міндетіне байланысты мүлдіктік мүдделерін сақтандыруға береді, ал Сақтандырушы қабылдайды.
- 1.3. Сақтандыру шарттарын Сақтандырушы Сақтанушы (Сақтандырылушы) зиян келтіруі мүмкін тұлғалардың пайдасына жеке және заңды тұлғалармен жасайды.
- 1.4. Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
 - 1) Пайда алушы - сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
 - 2) Сақтандырушы - сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы болған кезде осы Шарт пайдасына жасалған тұлғаға (Пайда алушыға) осы Шартта айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;
 - 3) Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан адвокат/заң консультанты;
 - 4) Сақтандырылушы - өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға. Сақтандыру шартында Сақтанушы бір мезгілде сақтандырылушы болып табылады.
 - 5) Сақтандыру мүддесі - жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша көзделуі мүмкін оқиғаларды қоспағанда, тәуекелдердің алдын алудағы және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеудегі Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) мүлдіктік мүддесі;
 - 6) Сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
 - 7) Сақтандыру сыйлықақысы - Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу жөніндегі міндеттемелерді қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;
 - 8) Сақтандыру төлемі - сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
 - 9) Үшінші тұлға - Сақтандыру шартының тарапы болып табылмайтын, оған адвокат/заң консультанты Сақтандыру шартына сәйкес заң көмегін көрсеткен және адвокаттың/заң консультантының кәсіптік міндеттемелерін байқаусызда бұзуымен мүлдіктік мүдделерге зиян келтірілген тұлға.
 - 10) Адвокаттық қызмет – жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау және іске асыруға жәрдемдесу мақсатында Заңда белгіленген тәртіппен адвокаттар кәсіби негізде көрсететін заң көмегі;
 - 11) Заң консультанттарының қызметі – жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында заң көмегін көрсету жөніндегі заң консультанттарының кәсіптік қызметі;
 - 12) Заң көмегі – Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағында бекітілген әркімнің білікті заң көмегін алу құқығын, оның ішінде Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен арнайы заң білімі мен дағдыларын пайдалана отырып, іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталған қызмет;

2. ШАРТТЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ МЕН НЫСАНЫ

- 2.1. Жауапкершілігі сақтандыруға қабылдануы мүмкін кәсіптік қызметтің түрлері:

- 1) адвокаттық қызметті жүзеге асыру нәтижесіндегі заң көмегі;
 - 2) заң консультанттарының қызметін жүзеге асыру нәтижесіндегі заң көмегі
- 2.2. Сақтандыруға жататын кәсіптік қызметтің нақты түрі тараптар арасында жасалған Сақтандыру шартында көрсетіледі.
 - 2.3. Сақтандыру шарты Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылатын, белгіленген нысандағы Сақтанушының өтініш-сауалнамасы (жазбаша немесе электрондық нысанда) негізінде жасалады.
 - 2.4. Осы Сақтандыру қағидаларының шеңберінде Сақтандыру шарты қағаз тасығышта жазбаша нысанда немесе электрондық нысанда жасалады;
 - 2.5. Сақтандыру шартында сақтандыру мүддесінің болуы көзделуге тиіс.
 - 2.6. Жазбаша нысандағы сақтандыру шарты Сақтанушы Сақтандырушының кеңсесіне тікелей жүгінген кезде тараптардың қағаз тасығыштағы сақтандыру шартына қол қоюы арқылы, сондай-ақ Сақтандырушының интернет-ресурсында электрондық нысанда жасалады.
 - 2.7. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан (сақтандыру тәуекелінен) болатын ықтимал залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызы бар барлық белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті.
 - 2.8. Сақтанушы сондай-ақ Сақтандырушының сақтандырылатын тәуекелге қатысты қойған сұрақтарына жауап беруге және Сақтандырушы сұратқан құжаттарды ұсынуга міндетті.
 - 2.9. Сақтандырылған тәуекел туралы ақпараттың дұрыстығына Сақтанушы жауапты болады.
 - 2.10. Егер Сақтанушы үнсіз қалдырған жағдайлар жоғалып кетсе, Сақтандырушы Сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
 - 2.11. Сақтанушы Сақтандырушыны басқа тұлғалар тарапынан талап-арыздардың, сот істерінің болуы немесе қабылданған сот шешімдерінің болуы туралы хабардар етуге міндетті.
 - 2.12. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген мәліметтер/елеулі шарттар болуға тиіс.
 - 2.13. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде Сақтандыру шартының телнұсқасын береді, одан кейін жоғалған Сақтандыру шарты жарамсыз деп саналады және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді.

3. САҚТАНДЫРУ НЫСАНЫ

- 3.1. Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) адвокаттық қызметті немесе заң консультантының қызметін жүзеге асыруына байланысты Сақтандыру шартына сәйкес заң көмегі көрсетілетін тұлғаға келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеу жөніндегі міндетіне байланысты мүлктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.

4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

- 4.1. Сақтандыру жағдайы деп сақтандырылған тұлғаның заң көмегін көрсету кезінде жіберген кәсіби қателіктері нәтижесінде шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғалардың мүлктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі танылады.
- 4.2. Кәсіби қателіктер деп мыналар түсініледі:
 - 1) процестік мерзімдерді өткізіп алу;
 - 2) құжаттарды дұрыс ресімдемеу;
 - 3) шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін тұлғаға зиян келтіруге алып келген, жасалатын заңдық әрекеттердің салдарлары туралы оған хабарламау;
 - 4) Сақтанушының (Сақтандырылушының) клиенттен заң көмегін көрсету үшін алған құжаттарын жоғалтуы немесе бүлдіруі;
 - 5) адвокаттық құпияны құрайтын мәліметтерді заңсыз жария ету (адвокаттардың кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шарты үшін);
 - 6) сақтандырылған тұлғаға заң көмегін көрсету процесінде белгілі болған мәліметтерді заңсыз жария ету (заң консультанттарының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шарты үшін).

- 4.3. Кәсіптік жауапкершілікті сақтандыру шартымен Сақтандырылған тұлғаның осындай көмек көрсетуі нәтижесінде шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғалардың мүлдіктік мүдделеріне зиян келтіруге әкеп соққан өзге де іс-әрекеттер (әрекетсіздік) айқындалуы мүмкін.
- 4.4. Егер шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғаларға келтірілген зиян Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) кәсіптік міндеттерін байқаусызда бұзуының салдары болып табылса, сақтандыру жағдайы басталды деп есептеледі.
- 4.5. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ одан келтірілген залалдарды дәлелдеу сақтанушыға (Пайда алушыға, Сақтандырылушыға) жүктеледі.

5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

- 5.1. Адвокаттың кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері оның шарттарымен айқындалады және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында қызметін жүзеге асыратын адвокаттар үшін – адвокаттың кәсіптік жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) кемінде 1000 (мың еселенген) мөлшерін, өзге адвокаттар үшін – кемінде 500 (бес жүз еселенген) мөлшерін құрауға тиіс.
- 5.2. Заң консультантының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері оның шарттарымен айқындалады және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында қызметін жүзеге асыратын заң консультанттары үшін – заң консультантының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасу күніне тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) кемінде 1000 (мың еселенген) мөлшерін, өзге заң консультанттары үшін – кемінде 500 (бес жүз еселенген) мөлшерін құрауға тиіс.
- 5.3. Келтірілген зиянды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жеткіліксіз болған жағдайда, Сақтанушы сақтандыру сомасы мен залалдың нақты мөлшері арасындағы айырманы өтейді.

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ. ФРАНШИЗА

- 6.1. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісі мен сақтандыру тәуекелінің сипатын ескере отырып, тараптардың келісімімен айқындалады.
- 6.2. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы Сақтандыру шартына Тараптар немесе олардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтандырушының банктік шотына ақша аудару немесе Сақтандырушының кассасына қолма-қол ақшамен төлеу арқылы біржолғы төлеммен төлеуге тиіс.
- 6.3. Сақтандырушының банктік шотына немесе кассасына ақша түскен күн сақтандыру сыйлықақысы төленген күн болып саналады.
- 6.4. Сақтандырушы Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлемеген күннен бастап Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Бұл ретте Сақтандырушының Сақтанушыға жазбаша хабарлауы талап етілмейді.
- 6.5. Егер сақтандыру жағдайы басталған сәтте сақтандыру сыйлықақысы әлі төленбеген болса, Сақтандырушы Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатылады және көрсетілген кезеңде болған сақтандыру жағдайлары бойынша жауапты болмайды.
- 6.6. Сақтандыру шарты сөзсіз франшизамен жасалады.
- 6.7. Франшиза мөлшері Сақтандыру шартында тараптардың келісімі бойынша белгіленеді және әрбір нақты жағдай үшін жеке-жеке келісіледі.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

- 7.1. Сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген күннен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады және 12 (он екі) күнтізбелік ай ішінде қолданылады.

- 7.2. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.
- 7.3. Осы Қағидаларға сәйкес Сақтандыру шартының қолданылу орны Қазақстан Республикасының аумағы болып табылады.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8.1. Сақтандырушының құқықтары:

- 1) құзыретті ұйымдардан сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды сұратуға;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде келтірілген зиянның мөлшерін және сақтандыру төлемінің сомасын айқындауға;

8.2. Сақтандырушының міндеттері:

- 1) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;
- 2) Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы сақтандыру сыйлықақысын қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін беруге (сақтандыру шарты электрондық нысанда жасалған жағдайда);
- 3) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 4) өзі тартатын бағалаушының (тәуелсіз сарапшының) қызметтеріне ақы төлеуге;
- 5) сақтандыру жағдайының басталғанын және Сақтандырушы өтеуге жататын зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде, оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы өтініш берушіге жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып хабарлауға;
- 6) Сақтанушы немесе Пайда алушы болып табылатын үшінші тұлға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сақтанушыны жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.
- 7) Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтініш алған кезде Сақтанушының (Пайда алушының) талаптарын қарауға және 5 (бес) жұмыс күні ішінде дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;
- 8) Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілген өтінішті алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге.

8.3. Сақтанушының құқықтары:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру талаптарын, өзінің Шарт бойынша құқықтары мен міндеттемелерін түсіндіріп беруді талап ету;
- 2) Сақтандырушыға (оның ішінде филиалы, өкілдігі арқылы) талаптарын көрсете отырып жазбаша түрде өтініш пен қоса талаптарын растайтын құжаттарды жіберуге немесе шарттан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына немесе Сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) немесе сотқа өтініш беруге құқылы.

8.4. Сақтанушының міндеттері:

- 1) сақтандыру сыйлықақыларын Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде төлеуге;
- 2) сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды азайту жөнінде шаралар қабылдауға;
- 3) бірақ үшінші тұлғаның адвокат заң көмегін көрсету кезінде келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарын ұсыну фактісі туралы өзіне белгілі болғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, бұл туралы Сақтандырушыға қолжетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабарлауға. Ауызша хабарламалар кейін (жетпіс екі сағат ішінде) жазбаша расталуы тиіс. Егер Сақтанушы дәлелді себептермен осы көрсетілген әрекеттерді орындай алмаған болса, ол оны құжатпен растауы тиіс;
- 4) Сақтандырушыға сақтандыру төлемін алу үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынуға;
- 5) сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті ақпаратты (үшінші тұлғаға заң көмегін көрсетуге байланысты төленген залалдар тарихын, Сақтанушыны сәйкестендіретін және оның адвокаттық өкілеттіктерін растайтын құжаттарды) ұсынуға;

- 6) сақтандыру жағдайы бойынша құжаттаманы, оның ішінде адвокаттың заң көмегіне ақы төленгенін растайтын құжаттарды ұсынуға.
- 8.5. Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Қағидаларда көзделген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.
- 8.6. Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Қағидаларда көзделген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

- 9.1. Сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтандырушыға Сақтанушы не үшінші тұлға сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда ұсынады.
- 9.2. Сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңгемен) жүзеге асырылады.
- 9.3. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы Сақтанушыдан барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

10. САҚТАНДЫРУШЫНЫ БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАН

- 10.1. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін төлеуден босату негіздері
- 10.2. Сақтандыру оқиғасы келесі жағдайлардың салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:
- 1) қажетті қорғаныс және (немесе) аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының қасақана іс-әрекеттері;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болатын қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының іс-әрекеттері;
 - 3) сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыста болатын қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған үшінші тұлғалардың іс-әрекеттері;
 - 5) адвокаттың заң көмегін көрсету туралы шарт жасаспай заң көмегін көрсетуі, сол сияқты мемлекет кепілдік берген заң көмегі шеңберінде адвокаттық қызметтер көрсету шеңберінде өзге де құжаттарды ресімдемеуі;
 - 6) лицензияның қолданылуы немесе адвокаттар алқасына мүшелік тоқтатылған немесе тоқтатыла тұрған кезеңде адвокаттық қызметті жүзеге асыруы.
- 10.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуына мыналар да негіз болуы мүмкін:
- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы мен оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді беруі;
 - 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан келтірілген залалдарды азайту шараларын қасақана қолданбауы;
 - 3) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеуге және келтірілген зиянның мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі;
 - 4) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау;
 - 5) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қоятын талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап ету құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы. Егер сақтандыру өтемі төленген болса, Сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы;
 - 6) заңнамалық актілерде көзделген басқа да жағдайлар.

- 10.4. Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені не Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндетіне әсер ете алмағаны дәлелденбесе, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.
- 10.5. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған кезде Сақтандырушы құжаттарды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы өтініш берген тұлғаға бас тарту себептерінің уәжді негіздемесімен сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндетті.

11. ФОРС-МАЖОР ЖАҒДАЙЛАРЫ

- 11.1. Егер тиісті орындау еңсерілмейтін күш мән-жайларының, соның ішінде дүлей апаттардың, әскери іс-қимылдардың, ядролық жарылыстың әсерінің, көтерілістердің, халықтық толқулардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құқықтық актілерінде көзделген тыйым салу шараларының салдарынан мүмкін болмаса, егер осы мән-жайлар Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер етсе, Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.
- 11.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдарынан Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған Тарап олар басталған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге және тиісті дәлелдемелерді ұсынуға міндетті.
- 11.3. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекеті құзыретті мемлекеттік органдар мен ұйымның тиісті құжаттарымен немесе ресми мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы расталуға тиіс.
- 11.4. Тиісінше хабарламау Тарапты Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген мән-жайға сілтеме жасау құқығынан айырады.
- 11.5. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары 1 (бір) айдан астам уақыт бойы әрекет ететін болса, Тараптардың кез келгені Сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

12. ШАРТТЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ

- 12.1. Сақтандыру шартына енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша ресімделген және Тараптар немесе олардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда заңды күшіне ие болады.
- 12.2. Мынадай жағдайларда Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі:
 - 1) Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы ауысқан кезде;
 - 2) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі өзгерген кезде;
 - 3) Сақтандыру шарты бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттері өзгерген кезде.
- 12.3. Сақтандыру шартының қолданылуы мынадай жағдайларда тоқтатылады:
 - 1) Сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы;
 - 2) осы Қағидалардың 4-тарауында көрсетілген сақтандыру жағдайы басталған кезде оның қолданылу мерзімі ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру.
- 12.4. Сақтандыру шартының тоқтатылуы Сақтандырушыны Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде болған, кейіннен сақтандыру жағдайлары деп танылған сақтандыру жағдайлары бойынша Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттен босатпайды. Сақтандыру төлемін қолданылу кезеңінде сақтандыру жағдайы болған Сақтандыру шартын жасасқан Сақтандырушы жүзеге асырады.
- 12.5. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.
- 12.6. Сақтанушы-жеке тұлға Сақтандыру шартын жасасқан күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде одан бас тартқан кезде Сақтандырушы Сақтанушы-жеке тұлғаға сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және алынған (алған) сақтандыру

сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) он пайызынан аспайтын Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығындарды шегере отырып, алынған (алған) сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданылған уақытқа және бұзуға байланысты шығындарға барабар қайтаруға міндетті.

- 12.7. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша Сақтанушының талабы бойынша Шарт мерзімінен бұрын бұзылған кезде Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысы сомасының 30%-ын құрайтын шеккен шығыстарды шегере отырып, Сақтандыру шартының қолданылуының өтпеген кезеңі үшін Сақтанушы төлеген сақтандыру сыйлықақысын қайтарады. Егер Сақтанушының талаптары Сақтандырушының Сақтандыру шартының талаптарын орындамауымен немесе тиісінше орындамауымен байланысты болса, онда Сақтандырушы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын толығымен қайтарады.
- 12.8. Егер бұл Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841-бабының 1-тармағында көрсетілген мән-жайлармен байланысты болмаса, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 841-бабының 2-тармағында көзделген негіздер бойынша Сақтанушының талабы бойынша Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы не оның бір бөлігі қайтарылуға жатпайды.
- 12.9. Сақтандыру шартын жарамсыз деп танудың шарттары, негіздері мен салдары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес айқындалады.

13. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 13.1. Тараптар Сақтандыру шарты бойынша қабылданған өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жауаптылықта болады.

14. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

- 14.1. Сақтандыру шарты бойынша Тараптар арасында туындайтын барлық даулар келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.
- 14.2. Тараптар өзара келісімге келе алмаған даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібі бойынша шешіледі.

Приложение №1
к Правилам страхования профессиональной
ответственности адвокатов и юридических консультантов

Адвокаттардың кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шарты	Договор страхования профессиональной ответственности адвокатов
<p>Алматы қаласы Сериясы ___ № [Примечания] [Аннотация] жыл</p>	<p>город Алматы Серия ___ № [Примечания] [Аннотация] года</p>
<p>Бұдан әрі «Сақтандырушы» деп аталатын «Basel» Сақтандыру компаниясы Акционерлік қоғамы, Жарғы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау бойынша уәкілетті органы «жалпы сақтандыру» саласы бойынша берген 27.09.2023 ж. №2.1.25 Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына арналған жарғының, негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы Чокин Таир Канатович мырза (бұдан әрі - Т.А.Ә.) тұлғасында, және бұдан әрі «Сақтанушы» деп аталатын, екінші тараптан, _____ адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын, адвокат _____ бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) (бұдан әрі - Азаматтық кодекс), «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 2018 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң), «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының негізінде ссы Адвокаттардың кәсіптік жауапкершілігін сақтандырудың шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасты.</p>	<p>Акционерное общество Страховая компания «Basel» именуемое в дальнейшем «Страховщик», в лице Председателя Правления Чокина Таира Канатовича, действующего на основании Устава, лицензии на право осуществления страховой (перестраховочной) деятельности по отрасли «общее страхование» №2.1.25 от 27.09.2023 г., выданной уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, именуемое в дальнейшем «Страховщик» и адвокат, именуемый в дальнейшем «Страхователь». В лице _____, являющийся членом коллегии адвокатов _____, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности - Сторона, на основании Гражданского кодекса Республики Казахстан (Особенная часть) (далее - Гражданский кодекс) от 1 июля 1999 года, Закона Республики Казахстан от 5 июля 2018 года «Об адвокатской деятельности и юридической помощи», (далее - Закон), Закона Республики Казахстан от 18 декабря 2000 года «О страховой деятельности» заключили настоящий Договор страхования профессиональной ответственности адвокатов (далее - Договор) о нижеследующем.</p>
<p>1. Шартта қолданылатын негізгі ұғымдар</p> <p>1.1. Осы Шартта келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:</p> <p>1) Пайда алушы – осы сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;</p> <p>2) Сақтандырушы - сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы болған кезде осы Шарт пайдасына жасалған тұлғаға (Пайда алушы) осы Шартта айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;</p> <p>3) Сақтанушы – Сақтандырушымен осы шартты жасасқан адвокат;</p> <p>4) Сақтандырылған адам – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға. Осы шартта сақтанушы бір мезгілде сақтандырылған адам болып табылады.</p> <p>4-1) сақтандыру мүддесі - жинақтаушы сақтан-дыру шарты бойынша көзделуі мүмкін оқиғаларды қоспағанда, сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) тәуекелдерді болғызбаудағы және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеудегі мүліктік мүддесі;</p>	<p>1. Основные понятия, используемые в Договоре</p> <p>1.1. В настоящем Договоре используются следующие основные понятия:</p> <p>1) Выгодоприобретатель - лицо, которое в соответствии с настоящим Договором является получателем страховой выплаты;</p> <p>2) Страховщик - юридическое лицо, зарегистрированное в качестве страховой организации и имеющее лицензию на право осуществления страховой деятельности, обязанное при наступлении страхового случая произвести страховую выплату лицу, в пользу которого заключен настоящий Договор (Выгодоприобретателю), в пределах определенной настоящим Договором суммы (страховой суммы);</p> <p>3) Страхователь - адвокат, заключивший настоящий Договор со Страховщиком;</p> <p>4) Застрахованный - лицо, в отношении которого осуществляется страхование. В настоящем договоре Страхователь одновременно является застрахованным.</p> <p>4-1) страховой интерес - имущественный интерес страхователя (застрахованного, выгодоприобретателя) в</p>

<p>5) сақтандыру объектісі – Сақтанушының (сақтандырылған адамның) шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілген тұлғаға адвокаттық қызметті жүзеге асыруға байланысты келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүдделері;</p> <p>6) сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі және сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтандырушы жауаптылығының шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;</p> <p>7) сақтандыру сыйлықақысы - Сақтанушы Сақтандырушыға соңғысы сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;</p> <p>8) сақтандыру төлемі - сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру сомасының шегінде төлейтін ақша сомасы;</p> <p>9) үшінші тұлға - Шарттың тарабы болып табылмайтын, шартқа сәйкес адвокат заң көмегін көрсеткен және абайсызда адвокат өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезінде мүліктік мүдделеріне зиян келтірілген тұлға.</p>	<p>предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая, за исключением событий, которые могут быть предусмотрены по договору накопительного страхования;</p> <p>5) объект страхования - имущественные интересы Страхователя (застрахованного лица), связанные с его обязанностью в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, возместить вред, причиненный лицу, которому в соответствии с договором оказывается юридическая помощь, в связи с осуществлением адвокатской деятельности;</p> <p>6) страховая сумма - сумма денег, на которую застрахован объект страхования и которая представляет собой предельный объем ответственности Страховщика при наступлении страхового случая;</p> <p>7) страховая премия - сумма денег, которую Страхователь обязан уплатить Страховщику за принятие последним обязательств произвести страховую выплату Выгодоприобретателю в размере, определенном настоящим Договором;</p> <p>8) страховая выплата - сумма денег, выплачиваемая Страховщиком Выгодоприобретателю в пределах страховой суммы при наступлении страхового случая;</p> <p>9) третье лицо - лицо, не являющееся стороной Договора, которому адвокатом оказывалась юридическая помощь в соответствии с договором, и неумышленным нарушением профессиональных обязательств адвокатом был причинен вред имущественным интересам.</p>
<p align="center">2. Шарттың нысанасы</p> <p>2.1. Осы Шарт бойынша Сақтанушының (Сақтандырылған адамның) адвокаттық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде шартқа сәйкес үшінші тұлғаларға заң көмегін көрсету кезінде келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мүліктік мүдделерін сақтауды Сақтанушы береді, ал Сақтандырушы қабылдайды.</p>	<p align="center">2. Предмет Договора</p> <p>2.1. По настоящему Договору Страхователь передает, а Страховщик принимает на страхование имущественные интересы страхователя (застрахованного лица), связанные с его обязанностью в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, возместить вред, причиненный третьим лицам, которым в соответствии с договором оказывается юридическая помощь, в результате осуществления адвокатской деятельности.</p>
<p align="center">3. Сақтандыру сомасының және сақтандыру сыйлықақысының мөлшері</p> <p>3.1. Осы Шарт бойынша Сақтандыру сомасы Заңның 36-бабы 5-тармағына сәйкес _____ (жазбаша түрде) теңгені құрайды.</p> <p>3.2. _____ (жазбаша түрде) теңгені құрайтын Сақтандыру сыйақысы Шартқа Тараптардың немесе олардың уәкілетті өкілдерінің қол қойған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде біржолғы төлем ретінде Сақтандырушының банк шотына ақша аудару жолымен не қолма-қол төлеммен Сақтандырушының кассасына төлеуге жатады.</p> <p>3.3. Сақтандыру сыйақысы төленген күн деп ақшаның Сақтандырушының банк шотына немесе кассасына түскен күн саналады.</p>	<p align="center">3. Размер страховой суммы и страховой премии</p> <p>3.1. Страховая сумма по настоящему Договору установлена в размере _____ (сумма прописью) тенге в соответствии с пунктом 5 статьи 36 Закона.</p> <p>3.2. Страховая премия в размере _____ (сумма прописью) тенге будет уплачена единовременным платежом в течение 5 (пяти) рабочих дней с даты подписания Договора Сторонами либо их уполномоченными представителями путем перечисления денег на банковский счет Страховщика или наличными деньгами в кассу Страховщика.</p> <p>3.3. Днем оплаты страховой премии считается день поступления денег на банковский счет или в кассу Страховщика.</p>
<p align="center">4. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру талаптары мен тәртібі</p> <p>4.1. Сақтанушы не болмаса үшінші тұлға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алғанын дәлелдейтін құжаттарды қоса бере отырып жазбаша түрде ұсынады.</p> <p>4.2. Сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүргізіледі (теңге).</p>	<p align="center">4. Условия и порядок осуществления страховой выплаты</p> <p>4.1. Требование о страховой выплате к Страховщику предъявляется Страхователем либо третьим лицом в письменной форме с приложением документов, подтверждающих наступление страхового случая.</p> <p>4.2. Страховая выплата осуществляется в национальной валюте Республики Казахстан (тенге).</p>

<p>4.3. Сақтандыру төлемі Сақтанушыдан барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Сақтандырушымен жүзеге асырылады.</p>	<p>4.3. Страховая выплата осуществляется Страховщиком в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней после получения всех необходимых документов от Страхователя.</p>
<p style="text-align: center;">5. Сақтандыру жағдайлары</p> <p>5.1. Шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғалардың мүліктік мүдделеріне сақтандырылған тұлғаның заң көмегін көрсетуі кезінде жол берген кәсіптік қателіктері салдарынан келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі осы Шарт бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады.</p> <p>5.2. Кәсіптік қателіктер деп мыналар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) процестік мерзімдерді өткізіп алу; 2) құжаттарды дұрыс ресімдемеу; 3) шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін тұлғаға зиян келтіруге алып келген, жасалатын заңдық әрекеттердің салдарлары туралы оған хабарламау; 4) сақтанушы (сақтандырылған тұлға) заң көмегін көрсету үшін клиенттен алған құжаттардың жоғалуы немесе бүлінуі; 5) адвокаттық құпияны құрайтын мәліметтерді құқыққа сыйымсыз жария ету түсініледі. <p>5.3. Егер шартқа сәйкес құқықтық көмек көрсетілетін үшінші тұлғаларға келтірілген зиян, сақтанушының (сақтандырылған адамның) кәсіби міндеттерін абайсызда бұзуының нәтижесінде болғаны анықталған сәттен бастап сақтандыру жағдайы басталды деп есептеледі.</p> <p>5.4. Сақтандыру жағдайының басталғандығын, сондай-ақ ол келтірген зияндарды дәлелдеу сақтанушының (пайда алушының, сақтандырылу-шының) міндетіне жатады.</p>	<p style="text-align: center;">5. Страховой случай</p> <p>5.1 Страховым случаем по настоящему Договору является наступления гражданско-правовой ответственности Страхователя по возмещению вреда, причиненного имущественным интересам третьих лиц, которым в соответствии с договором оказывается юридическая помощь, в результате допущенных застрахованным лицом профессиональных ошибок при оказании юридической помощи.</p> <p>5.2. Под профессиональными ошибками понимаются:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) пропуск процессуальных сроков; 2) неправильное оформление документов; 3) неизвещение лица, которому в соответствии с договором оказывается юридическая помощь, о последствиях совершаемых юридических действий, повлекших причинение ему вреда; 4) утрата или порча документов, полученных Страхователем (Застрахованным лицом) от клиента для оказания юридической помощи; 5) неправомерное разглашение сведений, составляющих адвокатскую тайну. <p>5.3. Страховой случай считается наступившим, если вред, причиненный третьим лицам, которым в соответствии с договором оказывается юридическая помощь, явился следствием неумышленного нарушения Страхователем (Застрахованным лицом) профессиональных обязанностей.</p> <p>5.4. Доказывание наступления страхового случая, а также причиненных им убытков лежит на страхователе (выгодоприобретателе, застрахованном).</p>
<p style="text-align: center;">6. Тараптардың құқықтары мен міндеттері</p> <p>6.1. Сақтандырушы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) құзыретті ұйымдардан сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құжаттарды сұратуға; 2) сақтандыру жағдайы басталған жағдайда келтірілген зиян мөлшерін анықтауға және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтауға құқылы; <p>6.2. Сақтандырушы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге; 2) сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы сақтандыру сыйлықақысын ақшасыз түрде төлеуге мүмкіндік беруге (сақтандыру шарты электронды түрде жасалған кезде); 3) сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтандыру төлемін жасауға; 4) өзі тартқан бағалаушының (тәуелсіз сарапшының) қызметіне ақы төлеуге; 5) сақтандыру жағдайының туындаған фактісін және сақтандырушы өтейтін зиян сомасын растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде, өтініш берушіге оны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жеткіліксіз және (немесе) дұрыс рәсімдел-меген құжаттардың толық тізімін көрсете отырып хабарлауға; 6) Сақтанушы немесе Пайда алушы болып табылатын үшінші тұлға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды бермеген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға 3 (үш) жұмыс күні ішінде жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті; 	<p style="text-align: center;">6. Права и обязанности Сторон</p> <p>6.1. Страховщик вправе:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) запрашивать у компетентных организаций документы, подтверждающие факт наступления страхового случая; 2) при наступлении страхового случая, определять размер причиненного вреда и определять сумму страховой выплаты; <p>6.2. Страховщик обязан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) обеспечить тайну страхования; 2) предоставить возможность оплаты страховой премии безналичным способом через интернет-ресурс Страховщика (в случае заключения договора страхования в электронной форме); 3) при наступлении страхового случая, произвести страховую выплату; 4) оплатить услуги привлекаемого им оценщика (независимого эксперта); 5) при недостаточности документов, подтверждающих факт наступления страхового случая и размер подлежащего возмещению Страховщиком вреда, в течение 3 (трех) рабочих дней со дня их получения сообщить об этом заявителю с указанием полного перечня недостающих и (или) неправильно оформленных документов; 6) в случае непредставления Страхователем или третьим лицом, являющимся Выгодоприобретателем, всех документов, необходимых для осуществления страховой выплаты, Страховщик обязан в течение 3 (трех) рабочих дней

<p>7) Сақтанушының (Пайда алушының) өтінішін алған кезде 5 (бес жұмыс) күні ішінде Сақтанушының (Пайда алушының) талабын қарауға және дауды реттеудің келесі тәртібін көрсете отырып жазбаша жауап беруге;</p> <p>8) Сақтанушының (Пайда алушының) сақтандыру омбудсманына жіберілген өтініштерін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге міндетті.</p> <p>6.3. Сақтанушы:</p> <p>1) Сақтандырушыдан Шарт бойынша сақтандыру талаптарын, өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;</p> <p>2) Сақтандырушыға (оның ішінде филиалы, өкілдігі арқылы) талаптарын көрсете отырып жазбаша түрде өтініш пен қоса талаптарын растайтын құжаттарды жіберуге, немесе шарттан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына немесе Сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) немесе сотқа өтініш беруге құқылы.</p> <p>6.4. Сақтанушы:</p> <p>1) Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;</p> <p>2) сақтандыру жағдайынан туатын залалдарды азайту үшін шаралар қолдануға;</p> <p>3) адвокаттың заң көмегін көрсету кезінде келтірілген зиянды өтеу туралы үшінші тұлғаның талап ету фактісі өзіне белгілі болған кезден бастап дереу, бірақ 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға бұл туралы қол жетімді жолмен (ауызша, жазбаша түрде) хабарлау қажет. Ауызша түрдегі хабарлама кейін (жетпіс екі сағат ішінде) жазбаша түрде расталуы тиіс. Егер Сақтанушы көрсетілген әрекеттерді дәлелді себептермен орындамаса, ол бұны құжатпен растауы тиіс;</p> <p>4) Сақтандырушыға сақтандыру төлемін алу үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынуға;</p> <p>5) сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті ақпаратты ұсынуға (заң көмегін көрсетуге байланысты үшінші тұлғаға келтірілген шығын-дардың тарихын, Сақтанушының сәйкестендіруші және оның адвокат өкілеттігін растайтын құжаттарды);</p> <p>6) сақтандыру жағдайы туралы құжаттаманы, оның ішінде адвокаттың заң көмегі үшін ақы төлеуін растайтын құжаттар ұсынуға міндетті.</p> <p>6.5. Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Шартта көзделген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.</p> <p>6.6. Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы Шартта көзделген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.</p>	<p>письменно уведомить Страхователя о недостающих документах.</p> <p>7) при получении от Страхователя (Выгодоприобретателя) заявления рассмотреть требования Страхователя (Выгодоприобретателя) и предоставить письменный ответ с указанием дальнейшего порядка урегулирования спора в течение 5 (пяти) рабочих дней;</p> <p>8) при получении от Страхователя (Выгодоприобретателя) заявления, направляемого страховому омбудсману, перенаправить данное заявление, а также прилагаемые к нему документы страховому омбудсману в течение 3 (трех) рабочих дней со дня получения.</p> <p>6.3. Страхователь вправе:</p> <p>1) требовать от Страховщика разъяснения условий страхования, своих прав и обязанностей по Договору;</p> <p>2) направить Страховщику (в том числе через филиал, представительство) письменное заявление с указанием требований и приложением документов, подтверждающих его требования, либо направить заявление страховому омбудсману (напрямую страховому омбудсману, либо через Страховщика, в том числе его филиал, представительство) или в суд для урегулирования споров, возникающих из договора.</p> <p>6.4. Страхователь обязан:</p> <p>1) уплатить страховые премии в размере, порядке и сроки, которые установлены Договором;</p> <p>2) принимать меры к уменьшению убытков от страхового случая;</p> <p>3) незамедлительно, но не позднее 5 (пяти) рабочих дней, как ему стало известно о факте, предъявления третьим лицом требований о возмещении вреда причиненного при оказании адвокатом юридической помощи, уведомить об этом Страховщика доступным способом (устно, письменно). Сообщение в устной форме должно быть в последующем (в течение семидесяти двух часов) подтверждено письменно. Если Страхователь по уважительным причинам не имел возможности выполнить указанные действия, он должен подтвердить это документально;</p> <p>4) предоставить Страховщику все документы, необходимые для получения страховой выплаты;</p> <p>5) предоставлять информацию, необходимую для заключения договора страхования (историю убытков, выплаченных третьему лицу, в связи с оказанием ему юридической помощи, документы, идентифицирующие Страхователя и подтверждающие его полномочия адвоката);</p> <p>6) предоставлять документацию по страховому случаю, в том числе документы, подтверждающие оплату юридической помощи адвоката.</p> <p>6.5. Страховщик также имеет иные права и обязанности, предусмотренные законодательными актами Республики Казахстан и настоящим Договором.</p> <p>6.6. Страхователь имеет иные права и обязанности, предусмотренные законодательными актами Республики Казахстан и настоящим Договором.</p>
<p>7. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері</p> <p>7.1. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:</p> <p>1) Сақтанушының, Сақтандырылған адамның және (немесе) Пайда алушының, қажетті қорғану және (немесе) аса қажетті жағдайда жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда,</p>	<p>7. Основания освобождения Страховщика от осуществления страховой выплаты</p> <p>7.1. Страховщик вправе полностью или частично отказать в страховой выплате, если страховой случай произошел вследствие:</p>

сақтандыру жағдайын тудыруға бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана жасалған іс-әрекетінің салдарынан;

2) Сақтанушының, Сақтандырылған адамның және (немесе) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттерінің салдарынан;

3) сақтандыру жағдайының туындауына немесе оның басталуына ықпал ететін үшінші тұлғалардың әрекеттерінен;

4) үшінші тұлғалардың Қазақстан Республика-сының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байла-ныстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттерінің салдарынан;

5) адвокаттың заң көмегін көрсету туралы шарт жасаспай, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген заң көмегі шеңберінде қажетті құжаттарды ресімдемей заң көмегін көрсетуінен;

6) адвокаттық қызметті лицензиясының күші немесе адвокаттар алқасына мүшелігі тоқтатылған немесе тоқтыла тұрған кезеңде жүзеге асыруынан болса Сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

7.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін мыналар да:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға, сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның зардаптары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;

2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болған залалдарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбауы;

3) Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталуы-ның мән-жайын тексеруде және одан келген залалдардың мөлшерін белгілеуде сақтандыру-шыға кедергі жасауы;

4) сақтандыру жағдайының басталғандығы туралы Сақтандырушыға хабарламау;

5) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталғандығы үшін жауапты адамға талап қою құқықтарынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандыру-шыға талап ету құқығын өткізу үшін қажетті құжаттарды беруден бас тартуы. Егер сақтандыру өтемі төленіп қойған болса, Сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы;

